

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ
ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «ҚАЛАЛЫҚ ЖЕДЕЛ
МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ СТАНЦИЯСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ МЕН ОНЫҢ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН
ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ**

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ұжымдық шарт (бұдан әрі мәтін бойынша - Ұжымдық шарт) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Жұмыс беруші, Кәсіпорын), оның директоры Мурат Бекайдарович Оразбаев және Кәсіпорын қызметкерлері (бұдан әрі - Қызметкерлер) арасында жасалды, олардың атынан Нұр-Сұлтан қаласындағы Кәсіподақ филиалы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетінің төрайымы Райса Каирбековна Абуова тұлғасында «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі - Кәсіподақ) әрекет етеді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 156-бабының 4-тармағына сәйкес Кәсіпорында қызметкерлердің бірнеше өкілдерінің болуына байланысты – «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ және «Senim» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ (бұдан әрі - Өкілдер, Кәсіподақтар), Тараптар осы Ұжымдық шартқа қол қою құқығы 2020 жылғы 28 қазандағы №1 бірлескен отырыс хаттамасымен берілген бірыңғай өкілді органның болуын растайды. (Ұжымдық шартқа 28.10.2020 №1 хаттама түпнұсқада қоса беріледі).

1. Ұжымдық шарттың мәні

1.1. Осы Ұжымдық шарт қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуын қамтамасыз ету, Кәсіпорын қызметіне қолайлы жағдайлар жасау мақсатында жасалды, кәсіпорын жұмысының тұрақтылығы мен тиімділігін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын, Еңбек құқығы нормалары мен осы ұжымдық шартты қамтитын өзге де актілерді орындау үшін Тараптардың өзара жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

1.2. Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР ЕК), Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы салалық және қалалық келісімдерге және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да құқықтық және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және жасалды.

1.3. Ұжымдық шарт, бір жағынан, Жұмыс берушінің қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік – экономикалық мәселелерін шешу жөніндегі міндеттемелерін, екінші жағынан, еңбек ұжымының жұмыс берушінің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін көздейді.

1.4. Осы Ұжымдық шарт әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық акт болып табылады және қызметкерлер атынан олардың Өкілдері мен Жұмыс беруші арасында жасалды.

1.5. Тараптар жалдау, жұмыстан босату, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және персоналды дамыту шарттары еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес реттелетінін мойындайды.

1.6. Ұжымдық шарттың ережелері Тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады. Тараптардың ешқайсысы Ұжымдық шарттың кез келген тармағының қолданысын біржақты тәртіппен өзгертуге немесе тоқтата тұруға құқылы емес.

1.7. Ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар оны жасасу үшін еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен Тараптардың жалпы келісімімен енгізіледі. Тараптардың бірінің келіссөздерді бастау туралы талабы екінші Тарап үшін міндетті болып табылады. Ұжымдық шартқа енгізілген барлық толықтырулар мен өзгерістерді Жұмыс берушінің және кәсіподақтардың өкілдері қатарынан құрылатын комиссия қарайды, Тараптар қол қоятын, шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және онымен бірдей заңды күші бар қосымша келісімдермен ресімделеді.

1.8. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі келіссөздерді бастау туралы ұсынысы бар екінші Тараптың хабарламасын алған Тарап оны он жұмыс күні ішінде қарауға және ҚР ЕК белгіленген тәртіппен келіссөздерге кірісуге міндетті.

1.9. Шартқа барлық *қосымшалар* оның ажырамас бөлігі болып табылады және бірдей заңды күшке ие. (Қосымша саны- 10)

2. Ұжымдық шарттың мәні

2.1. Осы Ұжымдық шарттың мәні әлеуметтік әріптестік шеңберінде Тараптар арасында өзара түсіністікке қол жеткізу және Кәсіпорынның экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, қызметкерлерге белгіленген құқықтық актілермен салыстырғанда неғұрлым қолайлы әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер беру, осы Ұжымдық шарттың күші қолданылатын қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қамтамасыз ету, Кәсіпорын қызметіне қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер қызметкерлерге Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қарамастан беріледі. Қолданыстағы нормалар мен ережелерден тыс көзделген кепілдіктер мен жеңілдіктер Ұжымдық шартқа сәйкес беріледі және Кәсіпорын бюджетінде көзделген сомалар шегінде қаржыландырылады.

3. Ұжымдық шарттың қолданылуы

3.1. Осы Ұжымдық шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, 2021 жылғы 25 қазанынан бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады. Ұжымдық шарттың қолданылу мерзімі өткен жағдайда, Тараптардың ең болмағанда біреуі оның қолданылу мерзімі өткенге дейін жаңа ұжымдық шарт жасасу туралы ұсыныс енгізген жағдайда, ол жаңа Ұжымдық шарт жасалғанға дейін, бірақ бір жылға дейінгі мерзімнен аспайтын мерзімге ұзартылған болып есептеледі.

3.2. Ұжымдық шартқа оның қолданылу мерзімі ішінде өзгерістер мен толықтырулар ҚР ЕК белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ұжымдық шарттың қолданылу кезеңінде қабылданған және қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартатын заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілер Ұжымдық шарттың тиісті тармақтарының қолданысын күшіне енген кезден бастап кеңейтеді.

3.3. Ұжымдық шарттың қолданылу кезеңінде оның жекелеген тармақтарын түсіндіруді екіжақты комиссия жүзеге асырады. Тараптардың ұжымдық шарттың кез келген тармағын біржақты тәртіппен өзгертуге, толықтыруға немесе қолданысын тоқтатуға құқығы жоқ.

3.4. Ұжымдық шарт Кәсіпорынды қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) кезеңінде өз күшін сақтайды.

3.5. Кәсіпорын мүлкінің меншік иесі ауысқан кезде Ұжымдық шарттың қолданылуы үш ай бойы сақталады. Осы кезеңде тараптар жаңа Ұжымдық шарт жасасу немесе қолданыстағыларын сақтау, өзгерту және толықтыру туралы келіссөздерді бастауға құқылы.

3.6. Кәсіпорын таратылған, ол банкрот деп жарияланған кезде Ұжымдық шарттың қолданылуы барлық қызметкерлермен еңбек шарттары тоқтатылған күннен бастап тоқтатылады.

3.7. Осы Ұжымдық шарттың күші жұмыс берушіге, олардың атынан Ұжымдық шарт жасалған Кәсіподақтардың мүшелері болып табылатын қызметкерлерге қолданылады. Кәсіподақ мүшелері бастауыш кәсіподақ комитетіне қабылдауға өтініш және Ұжымдық шартқа 1-4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өздері мүшелері болып табылатын Кәсіподақтардың шоттарына аудару үшін жұмыс берушінің атына еңбек акыдан және сыйақылардың өзге де түрлерінен кемінде 1% мүшелік кәсіподақ жарналарын ұстап қалу туралы өтініш береді.

3.8. Ұжымдық шарттың күші Кәсіподаққа жазбаша өтініш негізінде осы Ұжымдық шартқа қосылған Кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын және Ұжымдық шартқа 5-қосымшада белгіленген тәртіппен Кәсіподаққа олардың мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген қызметкерлерге қолданылады.

3.9. Ұжымдық шарттың күші, егер уәкілетті орган тұлғасындағы Кәсіпорынмен жасалған еңбек шарттарында өзгеше көрсетілмесе, Кәсіпорынның басшысына, оның орынбасарларына және бас бухгалтеріне де қолданылады.

4. Шарттың даналары, көшірмелері және оны сақтау

4.1. Осы Ұжымдық шарт 3 (үш) данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды және оған Тараптар қол қояды. Бір данасы Жұмыс берушіде сақталады; екінші данасы Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі филиалының Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының бастауыш кәсіподақ ұйымының Кәсіподақ комитетінде, үшінші данасы тіркеуші органда болады.

4.2. Ұжымдық шарттың көшірмелері танысу үшін Кәсіпорынның барлық бөлімшелеріне беріледі.

2-Бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

5. Тараптардың жалпы міндеттемелері

5.1. Тараптар Кәсіпорынның тұрақты экономикалық қызметі, оның персоналды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, әлеуметтік бағдарламаларды қолдау мүмкіндігі Кәсіпорынның нарықта бәсекеге түсу қабілетіне байланысты екендігімен келісті.

5.2. Тараптар осы Ұжымдық шарттың талаптарын мүлтіксіз сақтауға, Тараптардың мүдделерін құрметтеуге, өзара түсіністікке қол жеткізе отырып, қарсыласудан аулақ болуға, барлық даулы мәселелерді келіссөздер арқылы шешуге міндеттенеді.

5.3. Тараптар Ұжымдық шарттың мәтінін оған қол қойылған күннен бастап бір ай мерзімде әрбір қызметкерге жеткізуге міндеттенеді.

5.4. Кәсіпорын мен кәсіподақтар әлеуметтік серіктестікті ынтымақтастықтың қажетті нысаны және әлеуметтік қақтығыстарды реттеуге, болдырмауға немесе шешуге, ұжымда әлеуметтік бейбітшілік пен келісім қалыптастыруға, қызметкерлер мен Кәсіпорын әкімшілігі арасындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарының өркениетті нысандарын бекітуге мүмкіндік беретін жағдайларды қалыптастыру элементі ретінде таниды.

6. Жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері

6.1. Жұмыс беруші міндетті:

1) Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының, келісімдердің, осы Ұжымдық, еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сақтауға;

2) жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен және шарттарда қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасуға;

3) қызметкерге еңбек шартында келісілген жұмысты беруге;

4) қызметкерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек. Ұжымдық шарттарда, Жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уактылы және толық мөлшерде төлеуге;

5) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қызметкерлердің жалақысы және міндетті зейнетақы аударымдары бойынша берешектің пайда болуына жол бермеуге;

6) қызметкерді еңбек тәртіптемесі қағидаларымен, жұмыс берушінің қызметкердің жұмысына (еңбек функциясына) тікелей қатысы бар өзге де актілерімен және ұжымдық шартпен таныстыруға;

7) ТК белгілеген тәртіппен Ұжымдық келіссөздер жүргізуге;

8) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, еңбек, Ұжымдық шарттарға сәйкес қызметкерлерге еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге;

9) қызметкерлерді жабдықпен, құрал-саймандармен, техникалық құжаттамамен, жеке қорғану құралдарымен және еңбек міндеттерін атқару үшін қажетті өзге де құралдармен өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге;

10) Қазақстан Республикасының жұмыспен қамту туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат ұсынуға;

11) мемлекеттік еңбек инспекторларының нұскамаларын орындауға;

12) егер жұмысты жалғастыру Қызметкердің(лердің) және өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына қатер төндіретін болса, жұмысты тоқтата тұруға;

13) қызметкерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыруды жүзеге асыруға;

14) қызметкерлер өкілдерінің ұсыныстарын қарау және қызметкерлердің өкілдеріне Ұжымдық келіссөздер жүргізу, Ұжымдық шарттар жасасу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау үшін қажетті толық және сенімді ақпарат беруге;

15) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға;

16) қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттардың және оларды зейнетақымен қамсыздандыруға және міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған ақшаны ұстап қалу мен аудару туралы мәліметтердің сақталуын және мемлекеттік мұрағатқа тапсырылуын қамтамасыз ету;

17) қызметкерге зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары және кәсіптік аурудың болу мүмкіндігі туралы ескертуге;

18) жұмыс орындарында және технологиялық процестерде тәуекелдерді болдырмау жөнінде шаралар қабылдау, өндірістік және ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып профилактикалық жұмыстар жүргізуге;

19) жұмыс уақытының, оның ішінде зиянды, қауіпті еңбек жағдайларындағы үстеме жұмыстардың, әрбір Қызметкер орындайтын ауыр жұмыстардың есебін жүргізуге;

20) еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды ТК және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуге;

21) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органның лауазымды адамдарын, қызметкерлердің өкілдерін, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігінің, жағдайларының және еңбекті қорғаудың жай-күйіне және Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына тексерулер жүргізу үшін, сондай-ақ еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тергеп-тексеру үшін кедергісіз жіберуге;

22) ҚР Дербес деректер туралы заңнамасына сәйкес қызметкердің дербес деректерін жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыру;

23) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға;

24) қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру;

25) Ұжымдық шартқа сәйкес Кәсіподақ өкілдерінің уәжді пікірін ескере отырып, қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарына қатысты Жұмыс берушілердің актілерін шығаруды жүзеге асыру;

26) тәртіптік комиссия отырысында төрағаның және/немесе Кәсіподақ өкілдерінің қатысуымен тәртіптік жаза мәселелерін қарау;

27) әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарына қатысты мәселелерді Жұмыс берушімен бірлесіп қарау үшін Кәсіподақ комитеттеріне жағдайлар жасау. Кәсіподақ комитеттерінің өтініштерін, хаттарын, ұсыныстарын және басқа да құжаттарын ҚР Заңымен белгіленген мерзімде қарастыру;

28) Кәсіподақ комитеттеріне олардың сұратуы бойынша Кәсіпорынның еңбегіне және әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты мәселелер бойынша кез келген ақпарат беру:

- экономикалық, технологиялық жағдайлардың өзгеруіне байланысты кәсіпорындағы еңбек жағдайларының өзгеруі туралы;

- тұтастай алғанда ұйым қызметкерлерінің көпшілігінің экономикалық және әлеуметтік-еңбек мүдделерін қозғайтын бөлігінде ұйымды аса маңызды ұйымдастырушылық өзгерістер (қайта ұйымдастыру немесе тарату);

- ұйымның көптеген қызметкерлерінің еңбек жағдайларының өзгеруіне әкелетін маңызды технологиялық өзгерістер;

- жыл сайынғы және ай сайынғы өндірістік жоспарлар және олардың орындалуы туралы;

- персоналдың еңбек шарттары мен төлемі туралы, ағымдағы қаржылық жағдайы, кәсіпорынның перспективалық даму жоспарлары туралы;

29) Жұмыс берушінің ҚР ЕК-де көзделген өзге де құқықтары мен өзге де міндеттері бар.

6.2. Жұмыс беруші құқылы:

1) жұмысқа қабылдау кезінде таңдау еркіндігіне;

2) ҚР ЕК белгіленген тәртіпте және негіздер бойынша қызметкерлермен еңбек шарттарын өзгертуге, толықтыруға, бұзуға;

3) өз өкілеттігі шегінде Жұмыс берушінің актілерін шығаруға құқығы бар. Еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты актілер шығару ҚР ЕК-нің 46-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

4) өз құқықтары мен мүдделеріне өкілдік ету және оларды қорғау мақсатында бірлестіктер құру және оларға кіруге;

5) қызметкерлерден еңбек, ұжымдық шарттар талаптарының, еңбек тәртіптемесі қағидаларының және Жұмыс берушінің басқа да актілерінің орындалуын талап етуге;

6) қызметкерлерді көтермелеу, тәртіптік жаза қолдану, Қызметкерлерді ҚР ЕК көзделген жағдайларда және тәртіпте материалдық жауапкершілікке тартуға;

7) еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкердің келтірген зиянын өтеуге;

8) еңбек саласындағы өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге;

9) қызметкерге сынақ мерзімін белгілеуге;

10) қайта даярлауды қамтамасыз етіледі, Жұмыс берушінің келісімімен Кәсіпорынның өндірістік қажеттілік бойынша кәсіптік даярлау қамтамасыз етіледі.

11) ҚР ЕК сәйкес қызметкерді оқытуға байланысты өз шығындарын өтеуге;

12) жеке еңбек дауын шешу үшін дәйекті түрде келісу комиссиясына, сотқа жүгінуге;

13) Кәсіпорын қызметкерлерін аттестаттауды өткізу қағидаларына сәйкес Қызметкерлерді атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкестігіне аттестаттаудан өткізуге.

7. Қызметкерлердің негізгі құқықтары мен міндеттері

7.1. Қызметкер міндетті:

- 1) Еңбек міндеттерін еңбек, Ұжымдық шарттарға, Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға;
- 2) еңбек тәртібін сақтауға;
- 3) жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария жөніндегі талаптарды, экологиялық нормативтерді сақтауға;
- 4) Жұмыс берушінің және қызметкерлердің мүлкіне ұқыпты қарауға;
- 5) адамдардың өмірі мен денсаулығына, Жұмыс беруші мен Қызметкерлер мүлкінің сақталуына қатер төндіретін ахуал туындағаны, сондай-ақ бос тұрып қалу туындағаны туралы жұмыс берушіге хабарлауға;
- 6) Еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу;
- 7) келтірілген зиянды ҚР ЕК белгіленген шекте Жұмыс берушіге өтеу;
- 8) Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық қарап-тексеруден, сондай-ақ ауысым алдындағы, ауысымнан кейінгі және өзге де медициналық куәландырудан өтуге;
- 9) Жұмыс берушінің талабы бойынша жұмыс берушінің актісінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ басқа жұмысқа ауыстыру кезінде профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өтуге;
- 10) мүгедектіктің белгіленгені немесе Еңбек міндеттерін жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайының өзге де нашарлауы туралы Жұмыс берушіге хабарлауға;
- 11) Жұмыс беруші беретін жеке және ұжымдық қорғану құралдарын мүлтіксіз қолдану және мақсаты бойынша пайдалануға;
- 12) мемлекеттік еңбек инспекторының, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың, ішкі бақылау мамандарының талаптарын және медициналық мекемелер ұсынған емдік және сауықтыру іс-шараларын орындауға;
- 13) Жұмыс беруші айқындаған және ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытудан, нұсқау алудан және білімдерін тексеруден өтуге;
- 14) Кәсіпорын қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу қағидаларына сәйкес атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкестігіне аттестаттаудан өтуге.

7.2. Қызметкер құқылы:

- 1) ҚР ЕК көзделген тәртіпте және шарттарда еңбек шартын жасасуға, өзгертуге, толықтыруға және бұзуға;
- 2) Жұмыс берушіден еңбек, Ұжымдық шарттар талаптарының орындалуын талап етуге;
- 3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға;
- 4) еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы толық және дұрыс ақпарат алуға;
- 5) еңбек, Ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес жалақыны уақтылы және толық мөлшерде төлеуге;
- 6) ҚР ЕК сәйкес бос тұрып қалу ақысына;
- 7) демалысқа, оның ішінде жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына;
- 8) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өз еңбек құқықтарын беру және қорғау үшін кәсіптік одақ немесе басқа да бірлестіктер құру, сондай-ақ оларға мүшелік құқығын қоса алғанда, бірігуге;
- 9) өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және Ұжымдық шарт жобасын әзірлеуге қатысуға, сондай-ақ қол қойылған Ұжымдық шартпен танысуға;

10) ҚР ЕК көзделген тәртіппен Жұмыс берушінің келісімен өндірістік қажеттілік бойынша кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және өзінің біліктілігін арттыруға;

11) еңбек міндеттерін орындауға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда міндетті әлеуметтік сақтандыруға, медициналық сақтандыруға;

13) кепілдіктер мен өтемақы төлемдеріне;

14) өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;

15) қандай да бір кемсітусіз тең еңбек үшін тең ақы төлетуге;

16) еңбек дауын шешу үшін дәйекті түрде келісу комиссиясына, сотқа жүгінуге;

17) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;

18) ҚР еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасында, сондай-ақ еңбек, ұжымдық шарттарда көзделген талаптарға сәйкес жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз етілуге;

19) денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшысына немесе жұмыс берушінің өкіліне хабарлай отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға;

20) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты ұйымның жұмысы тоқтатыла тұрған уақытта орташа жалақыны сақтауға;

21) еңбек жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларына зерттеу жүргізу туралы өтініш жасауға, сондай-ақ еңбек жағдайларын, қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды жақсартуға байланысты мәселелерді тексеруге және қарауға өкілдік етіп қатысуға;

22) Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануға;

23) біліктілігіне, еңбектің күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына сәйкес еңбекақы төлеуге;

24) ҚР басқа заңдарымен белгіленген тәртіпте жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге;

25) Жұмыс берушіде сақталатын дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге құқығы бар.

3-Бөлім. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

8. Еңбек шарты

8.1. Тараптар мыналардан туындайды:

1) қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қатынастары еңбек заңнамасына және осы Шартқа сәйкес жазбаша нысанда жасалған еңбек шартымен реттеледі.

2) Жұмысқа қабылдау жасалған еңбек шарты негізінде шығарылатын жұмыс берушінің бұйрығымен ресімделеді.

3) Жұмыс беруші үш күн мерзімде Қызметкерді бұйрықпен таныстыруға міндетті. Бұйрықпен танысуы Қызметкердің қолымен куәландырылады.

4) Қызметкердің талап етуі бойынша жұмыс беруші оған бұйрықтың тиісті куәландырылған көшірмесін беруге міндетті.

Жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс беруші Қызметкерді ұйымдағы ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен, Жұмыс берушінің Қызметкердің жұмысына (еңбек функциясына) қатысы бар өзге де актілерімен, осы Шартпен таныстыруға міндетті.

5) Еңбек шарты еңбек заңнамасында көзделген негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін.

9. Персоналды дамыту

9.1. Жұмыс беруші міндеттенеді:

- 1) Ұйымның жұмыс істеуі мен дамуы үшін кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру қажеттілігі мен көлемін анықтауға;
- 2) Жұмыс берушімен келісім (шарт) бойынша кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтетін қызметкерлерді жұмыстан босатуды не жұмысты толық емес жұмыс уақыты жағдайларында орындауды қамтамасыз етуге;
- 3) Кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілікті арттырудан өтетін қызметкерлер еңбек кодексінде, ұжымдық, еңбек шарттарында көзделген кепілдіктерді пайдаланады.
- 4) Кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру аяқталғаннан кейін білім алушы оқыту шартында тараптармен келісілген мерзімді жұмыс берушіде жұмыспен өтеуге міндетті.
- 5) Еңбек шарты қызметкердің бастамасы бойынша немесе Қызметкердің кінәсінің салдарынан жұмыс берушінің бастамасы бойынша оқу шартында белгіленген мерзімге дейін бұзылған жағдайда, Қызметкер жұмыс берушіге оны оқытуға байланысты шығындарды жұмыспен өтеудің өтелмеген мерзіміне бара-бар өтейді.

10. Еңбекақы төлеу

10.1. Еңбекақы төлеу нысаны, штат кестесі, кәсіпорын Қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшері, сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесі белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде айқындалады. Еңбекақы төлеу қоры ТМККБК және МӨМС шеңберінде түсетін қаражат, сондай-ақ ақылы қызметтер көрсетуден түсетін кірістер және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де кірістер есебінен қалыптастырылады.

10.2. Қызметкердің айлық жалақысының мөлшері Қызметкердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына және сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына қарай сараланып белгіленеді. Айлық жалақының мөлшері ең жоғары мөлшермен шектелмейді. Жалақы қызметкерге жұмыс уақытын есепке алу жөніндегі жұмыс берушінің құжаттарында есепке алынған нақты жұмыс істеген уақыт үшін төленеді.

10.3. Кәсіпорын Қызметкерлерінің тарифтік ставкасының (жалақысының) ең төменгі мөлшері «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың Қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың Қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен (бұдан әрі - 1193 қаулы) белгіленген тарифтік ставканың (айлықақының) мөлшерінен кем болмауға тиіс.

10.4. Жұмыс беруші «Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құрылымындағы мемлекеттік кәсіпорындардың Қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің үлгілік жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚРДСМ-213/2020 бұйрығына және 1193 қаулысына сәйкес белгіленген тарифтік айлықақыларына түзету коэффициенттерін қолдана отырып, Қызметкерлерге еңбекақы төлеуді қамтамасыз етеді.

10.5. Еңбекке ақы төлеу жүйесі негізінде еңбекке ақы төлеуді қамтиды (еңбекке ақы төлеудің уақыт бойынша жүйесі кезінде):

- 1) лауазымдар сыныптамасы (Ұжымдық шартқа 6-қосымша);
- 2) 1193 қаулымен белгіленген 17697 тенге мөлшерінде базалық лауазымдық айлықақы қолдану арқылы жүзеге асырылады;
- 3) жұмысшылардың ЛЖ (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған БЛЖ-ға қосымшасын коэффициенттер (Ұжымдық шартқа 6-қосымша);

- 4) функционалдык блоктар бойынша Қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларын есептеуге арналған коэффициенттер (Ұжымдық шартқа 6-қосымша);
- 5) еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар мен шығындар (Ұжымдық шартқа 7-қосымша) қоса беріледі;
- 6) оқу сабақтарын өткізуге тартылатын Қызметкерлерге еңбекақы төлеу (Ұжымдық шартқа 6-қосымша);
- 7) жалақыға түзету коэффициенттері (Ұжымдық шартқа 6-қосымша);
- 8) лауазымдық жалақыға жоғарылату коэффициенттері (Ұжымдық шартқа 6-қосымша);
- 9) жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына бір лауазымдық жалақыдан төмен мөлшерде қосымша ақы төлеуге;
- 10) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалған мөлшерде өтемақы;

10.6. Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы атқаратын лауазымдарының функционалдык блоктарға жатқызылуына және мамандығы бойынша жұмыс өтіліне қарай лауазымдық айлықақысын есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді, берілген разрядтарын (жұмысшылар үшін) осы Ұжымдық шарттың 10.5-тармағында белгіленген базалық лауазымдық айлықақы мөлшеріне көбейту жолымен айқындалады.

Қызметкерлердің еңбек тиімділігі мен орындалатын жұмыстардың сапасын арттыруға қосқан үлесін арттыруды күшейту үшін кәсіпорындарда нақты жұмыс істелген уақыт бойынша, ҚР ЕК-нің 108, 109, 110-баптарына сәйкес Қызметкердің қалыптастырылған лауазымдық айлықақысына қолданылатын арттыру коэффициенттері белгіленеді. Арттыру коэффициенті осы ұжымдық шартта және/немесе бекітілген еңбекке ақы төлеу қоры шегінде Қызметкерлер өкілінің келісімі бойынша жұмыс берушінің актісінде белгіленеді. Жалақыға жоғарылату коэффициентін қолдану жаңа жалақы жасамайды.

10.7. еңбекке ақы төлеудің кесімді жүйесі кезінде орындалған жұмыстың (көрсетілетін нәтиженің) заттай өлшем бірліктерінде көрсетілген әрбір бірлігі (көлемі) үшін еңбекке ақы төлеуді көздеу;

Қызметкерлердің аталған санаттарына ҚР ЕК-нің 106, 109 және 110-баптарына сәйкес есептеу кезінде жоғарыда көрсетілген коэффициенттер қолданылсын.

10.8. Қызметкерлерге жалақы ақшалай нысанда (теңгемен) айына кемінде бір рет есепті күннен кейінгі айдың 10-күніне дейін төленеді. Мереке немесе демалыс күндеріне жалақы берілген күн түскен кезде жалақы қарсаңында беріледі.

10.9. Жалақыдан міндетті ұстап қалу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде жүргізіледі.

10.10. Кәсіпорын Қызметкерлеріне жеке жүгінгенде ай сайын Жұмыс беруші жалақы мерзімінен кешіктірмей жеке дербес шоттар (есеп айырысу парақтарын) береді.

10.11. Жұмыс беруші еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді ескере отырып, Кәсіподақ комитеттерімен келісім бойынша жаңа еңбек нормаларын әзірлеуді, енгізуді, қолданыстағы еңбек нормаларын ауыстыруды және қайта қарауды жүргізеді.

10.12. Бірнеше атқару парақтары бойынша жалақыдан ұстап қалу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және ҚР ЕК-де көзделген жағдайларда, ай сайынғы ұстап қалудың мөлшері Қызметкерге тиесілі жалақының 50% - ынан аспауға тиіс.

10.13. Қызметкердің жазбаша өтініші және тараптардың келісімі бойынша жалақы бойынша ағымдағы берешек болмаған кезде лауазымдық жалақыдан кемінде 50% аванс төлеу.

10.14. Жүктілігі және босануы бойынша демалыста жүрген әйелдерге, бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты демалыста жүрген әйелдерге (еркектерге), жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған әйелдерге (еркектерге) және мерзімдеріне қарамастан жалақысы сақталмаған демалыста жүрген қызметкерлерге сараланған төлем нақты жұмыс істеген кезең үшін есептеледі.

11. Сыйақы, сыйлықақы

11.1. Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемесі, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету кредиторлық берешегі болмаған кезде Кәсіпорынның Даму жоспары бойынша көзделген каражатты үнемдеу мақсатымен жүргізіледі.

11.2. Қызметкер жыл соңына дейін жұмыстан босатылған жағдайда, жыл қорытындысы бойынша сыйлықақы төленбейді.

11.3. Жұмыс беруші жанадан қабылданған Қызметкерлер үшін бір жыл толық жұмыс істегеннен кейін демалысқа қосымша ақы төлеу құқығын өзіне қалдырады.

11.4. Бір айдан астам жұмыссыз демалыста жүрген Қызметкерге сыйақы төленбейді.

11.5. Сараланған еңбекақы, сыйақы беру және материалдық көмек көрсету және өзге де сыйлықалар түріндегі сыйақы төлеу шарттары мен тәртібі еңбекақы, сыйақы беру және басқа да материалдық төлемдер туралы ережеге және Кәсіподақ комитетімен келісілген кәсіпорын Қызметкерлерін көтермелеу ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

12. Жұмыс уақыты

12.1. Кәсіпорындағы қызметкерлердің қалыпты жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына екі сағаттан аспауы тиіс.

12.2. Жұмыс режимдерін және ауысымдық кестелерді жұмыс беруші кәсіподақ комитеттерімен келісім бойынша әзірлейді және бекітеді. ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сәйкес ұйымдағы нақты кестелер мен жұмыс режимдері кәсіподақ комитеттерімен келісілген біріккен-өкіммен белгіленеді.

Ауысымдық жұмыс өндірістік процестің ұзақтығы не жұмыс берушінің өндірістік жұмыс режимі кәсіподақ комитеттерімен келісу бойынша күнделікті жұмыс ұзақтығының нормасынан асып кеткен жағдайларда белгіленуі мүмкін.

Жұмыс беруші ауысымдық кестелерді қаладағы немесе Кәсіпорындағы төтенше жағдайдан басқа, олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Қызметкерлердің назарына жеткізеді.

12.3. Үздіксіз процеске, пациенттердің қауіпсіздігіне байланысты жұмыстардағы жұмыс уақытының жиынтық есебі есепке алу кезеңімен: ай, айдың 1-күнінен бастап ағымдағы айдың соңғы күніне дейінгі есепке алу кезеңімен қолданылады.

Жұмыс уақытының жиынтық есебі шығу бригадалардың, МЖЖ фельдшерлерінің, МЖЖ бөлімнің Қызметкерлеріне және тәуліктік қызмет көрсететін персоналға қолданылады.

12.4. Жұмыс беруші үстеме жұмыстарға: жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтаманы ұсынған, он сегіз жасқа толмаған жүкті әйелдерге, мүгедектерге жол бермеуі тиіс. ҚР ЕК-нің 77-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қызметкерді үстеме жұмыстарға оның жазбаша келісімімен ғана тарту.

Үстеме жұмыстар әрбір Қызметкер үшін тәулік ішінде – екі сағаттан, ал ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда бір сағаттан аспауға тиіс. Үстеме жұмыстардың жалпы ұзақтығы айына он екі сағаттан және жылына бір жүз жиырма сағаттан аспауға тиіс. Үстеме жұмыстардың шекті санын шектеу ҚР ЕК-нің 77-бабы 2-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда жұмыстарға қолданылмайды.

12.5. Жұмыс уақытының жиынтық есебін енгізу тәртібі ішкі еңбек тәртібі жағдайларында, ұйымның Қызметкерлердің өкілдерімен келісілген өзге де жергілікті нормативтік актілерінде белгіленеді. Жұмыс күні (ауысым) ішінде қарқындылығы бірдей емес жұмыстардың жекелеген түрлерінде жұмыс уақытының жалпы ұзақтығы күнделікті жұмыстың белгіленген ұзақтығынан (өндірістік қажеттілік туындаған жағдайда) аспауы үшін жұмыс күні бөліктерге бөлінуі мүмкін.

12.6. Бес күндік жұмыс аптасы режимінде Қызметкерлерге екі демалыс күні беріледі.

Осы демалыс күндері-сенбі және жексенбі.

12.7. Бос тұрып қалу жағдайында басқа жұмысқа уақытша ауыстыру кезінде қызметкердің еңбегіне ақы төлеу орындалатын жұмыс бойынша жүргізіледі.

12.8. Жұмыс берушінің кінәсінен бос тұрып қалу уақытына ақы төлеу орташа жалақысының кемінде 50 (елу) пайызы мөлшерінде, ал жұмыс берушіге және қызметкерге заңнамамен белгіленген себептер бойынша жалақының ең төмен мөлшерінен кем емес мөлшерде жүргізіледі.

12.9. Жұмыс уақытын есепке алу кезінде гигиеналық душ қабылдай отырып, жеке киімдерін киген кезде және алуға жұмсалған уақыт жұмыс уақытына жатады (Салалық заңмен белгіленген келісімдерге сәйкес).

13. Демалыс уақыты

13.1. Осы Ұжымдық шартқа қосылған Кәсіпорын қызметкерлері үшін ұзақтығы күнтізбелік 30 күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы белгіленеді. Жұмыс берушімен келісім бойынша жыл сайынғы демалыс екі бөлікке бөлінуі мүмкін, бұл ретте олардың біреуінің ұзақтығы күнтізбелік 14 күннен кем болмауы тиіс.

13.2. Осы Ұжымдық шартқа қосылмаған қызметкерлер үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ұзақтығы күнтізбелік 24 күнді құрайды.

13.3. Көп балалы аналар болып табылатын (4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар) медицина қызметкерлеріне:

1) жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығын төлей отырып, аптасына 36 сағатта қысқартылған жұмыс уақытының ұзақтығы белгіленеді;

2) ҚР ЕК 82-бабына сәйкес ауысымшылық және арнайы үзілістер ұсынады;

3) ҚР ЕК-нің 87-бабына сәйкес негізгі еңбек демалысына олардың өтініштері негізінде қосымша ақы төленбейтін 3 күнтізбелік күн ұсынады.

13.4. Ұжымдық шартқа 8-қосымшада көрсетілген зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда істейтін қызметкерлерге «Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен кәсіпкерлердің тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті кәсіптердің тізбесіне» сәйкес қосымша демалыс және жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы беріледі, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығы». Жыл сайынғы қосымша демалыс жыл сайынғы негізгі демалыспен бір мезгілде беріледі.

13.5. Экологиялық апат және радиациялық қатер аймақтарында тұрғаны үшін қызметкерлерге Ұжымдық шартқа 9-қосымшаға сәйкес ұзақтығы жалақы сақталмайтын демалыспен (ақылы еңбек демалысымен бір мезгілде) беріледі;

13.6. Үзіліс, демалу және тамақтану үшін:

- тамақтануға және тамақтануға үзіліс беру уақыты, оның ұзақтығы еңбек тәртібімен белгіленеді.

14. Тараптардың материалдық жауапкершілігі

14.1. Басқа тарапқа залал (зиян) келтірген еңбек шартының тараптары оны ҚР ЕК және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өтейді.

14.2. Нұқсан (зиян) келтірілгеннен кейін еңбек шартының тоқтатылуы еңбек шартының тараптарын басқа Тарапқа келтірілген нұқсанды (зиянды) өтеу жөніндегі материалдық жауаптылықтан босатпайды.

14.3. Жұмыс беруші қызметкердің алдында материалдық жауаптылықта болады:

1) қызметкерді өз жұмыс орнында еңбек ету мүмкіндігінен заңсыз айыру арқылы келтірілген залал үшін;

2) қызметкердің мүлкіне келтірілген залал үшін;

3) қызметкердің өміріне және (немесе) денсаулығына келтірілген зиян үшін төленеді.

14.4. Қызметкер жұмыс берушінің алдында материалдық жауаптылықта болады:

1) жұмыс берушінің мүлкін жоғалтудан немесе бүлдіруден келтірілген залал үшін;

2) қызметкердің әрекеті (әрекетсіздігі) нәтижесінде туындаған залал үшін төленеді.

14.5. Өндіріс процесінде өзіне берілген мүлік пен құндылықтарды сақтауға, өндеуге, сатуға (босатуға), тасымалдауға, қолдануға немесе өзге де пайдалануға байланысты жұмыс атқаратын немесе жұмыстарды орындайтын Қызметкер және жұмыс беруші қызметкерге берілген мүліктің және басқа да құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін қызметкердің толық жеке материалдық жауаптылығы туралы жазбаша нысанда шарт жасасады.

14.6. Залал келтіргені үшін әрбір қызметкердің материалдық жауапкершілігінің арқылы ажырату мүмкін болмаған кезде, өздеріне берілген мүлік пен құндылықтарды сақтауға, өндеуге, сатуға (босатуға), тасымалдауға, қолдануға немесе өндіріс процесінде өзге де пайдалануға байланысты жұмыстарды бірлесіп орындайтын қызметкерлер және жұмыс беруші қызметкерлерге берілген мүліктің және басқа да құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін қызметкерлердің толық ұжымдық (ортақ) материалдық жауапкершілігі туралы жазбаша нысанда шарт жасасады.

14.7. Еңбек шартының басқа Тарапқа нұқсан (зиян) келтірген тарапы оны сот шешімінің негізінде не ерікті түрде ҚР ЕК және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерлерде өтейді.

4-Бөлім. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

15. Әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер

15.1. Әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер олардың атынан Ұжымдық шарт жасалған кәсіподақ мүшелері болып табылатын ұйымның барлық қызметкерлеріне қолданылады.

15.2. Жұмыс беруші қызметкердің өтініші немесе кәсіподақ комитетінің қолдауы негізінде мынадай жағдайларда Қызметкерлерді 5 күнтізбелік күн мерзімге жұмыстан босатуға міндеттенеді:

1) некені тіркеу (некеге алғаш тұрған кезде);

2) оның отбасы мүшелері, жақын туыстары (ата-аналары, ерлі-зайыптылары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) қайтыс болған;

3) қызметкер өрттің, дүлей зілзаланың құрбаны болған кезде тоқтатылады.

15.3. Жұмыс беруші есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен және прекурсорлармен жұмыс істеуге жауапты адамдарды Кәсіпорынның өз қаражаты есебінен жіберуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.4. Жұмыс беруші қызметкерлерді өз қаражаты есебінен көтермелеуге міндеттенеді:

- 1) мерейтойлық даталарға орай: туғанына **50,55,60** жыл, 50 000 теңге мөлшерінде
- 2) зейнеткерлікке шығу құрметіне-100 000 теңге мөлшерінде
- 3) Кәсіпорындағы үздіксіз 25 жылдық өтілі үшін - бір реттік, жұмыс жылының соңында

материалдық жалақы мөлшерінде.

4) жұмыс беруші келесі жағдайларда кәсіпорын Қызметкерлеріне 20 000 теңгеден бастап материалдық көмек көрсетеді:

- 1) некені тіркеу;
- 2) бала туғанда, бала (балаларды) асырап алғанда;
- 3) оның отбасы мүшелері, жақын туыстары (ата-аналары, ерлі-зайыптылары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір аға-інілері мен ана-сінділері) қайтыс болған жағдайда - 30 000 теңге мөлшерінде біржолғы көмек көрсетеді
- 4) Кәсіпорын қызметкері қайтыс болған жағдайда оның отбасына 100 000 теңге

15.5. Тараптар мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған спорттық-сауықтыру мәдени-бұқаралық іс-шараларды тепе-теңдік негізде ұйымдастыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді:

- 1) 31 желтоқсан - Жаңа жыл;
- 2) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 3) 21-23 наурыз – Наурыз мейрамы;
- 4) 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні;
- 5) 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні;
- 6) 9 мамыр – Жеңіс күні;
- 7) 30 тамыз - ҚР Конституциясы күні;
- 8) 16-17 желтоқсан – Тәуелсіздік күні;
- 9) кәсіби мереке - Медицина қызметкерлерінің күні.

16. Кәсіподақтардың әлеуметтік қолдау шеңберіндегі міндеттемелері

16.1. Кәсіподақтар міндеттенеді:

- 1) кәсіподақ мүшелеріне біржолғы материалдық көмек көрсету:
 - 1) некені тіркеу кезінде - 20 000 теңге;
 - 2) бір бала туғанда - 20 000 теңге, екі немесе одан көп бала туғанда – 40 000 теңге;
 - 3) оның отбасы мүшелері, жақын туыстары (ата-аналары, ерлі-зайыптылары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір аға-інілері мен ана-сінділері) қайтыс болған жағдайда - 30 000 теңге;
 - 4) қызметкер өрттің, табиғи апаттың құрбаны болған жағдайда - 30 000 теңге;
 - 5) қызметкердің отбасына немесе жерлеуді жүзеге асыратын адамдарға, ол қайтыс болған жағдайда - 100 000 теңге;
 - 6) зейнеткерлікке шығу құрметіне бағалы сыйлықтармен (грамоталар, алғыс хаттар, тұрмыстық техникаға сертификаттар, естелік сыйлықтармен) марапаттау;
 - 7) жылына бір рет аз қамтылған көп балалы отбасыларға Кәсіпорын қызметкерлеріне, сондай-ақ даму ерекшеліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қайырымдылық көмек көрсету;

8) кәсіподақ мүшелерінің 14 жасқа дейінгі (декреттік демалыстағы кәсіподақ мүшелерінен басқа) балаларын жаңа жылдық сыйлықтармен қамтамасыз ету;

9) Білім күні мен қарттар күнін мерекелеу аясында (1 қыркүйек және 2 қазан) Кәсіпорын қызметкерлерінің бірінші сынып оқушылары мен қарттарды (ардагерлер, зейнеткерлер) құттықтау;

10) кәсіподақ мүшелері мен олардың балалары үшін демалыс және сауықтыру ұйымдарына тиісті жылға арналған шығыстар сметасына сәйкес сауықтыру жолдамаларын беру – жолдама құнының 50% - ы мөлшерінде 120 000 теңгеден аспайтын 10 күннен аспайтын есеппен;

Кәсіподақ мүшелері – қызметкерлерді спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін көтермелеу.

17. Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету

17.1. Тараптар кепілді жұмыспен қамту қызметкерлердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін маңызды шарттарының бірі болып табылатынын мойындайды.

17.2. Жұмыс беруші міндеттенеді:

1) тиісті іс-шараларды өткізу басталғанға дейін кемінде екі ай бұрын қызметкерлерді жұмыстан шығаруға әкеп соғуы мүмкін өндіріс, орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемін төмендету, штат санын қысқарту туралы шешім қабылданған кезде Кәсіподақ комитеттерін жазбаша хабардар етуге міндетті.

Кәсіподақ комитеттеріне қызметкерлер санын немесе штатын алдағы қысқарту туралы шешімдердің көшірмелерін, айларға бөле отырып, Қызметкерлерді босату жоспар-мағамдарын, қысқартылатын лауазымдар мен Қызметкерлердің тізімін, бос жұмыс орындарының тізбесін ұсыну.

Өндіріс, орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген кезде қызметкерлер (жұмыс берушідегі экономикалық өзгерістер мен еңбек шартын бұзу қажеттілігі туралы) тікелей байланыстың болуын) көрсете отырып, кәсіподақ комитеттеріне кемінде бір ай бұрын жазбаша хабарлама жіберілсін.

2) қысқартылуға жататын жұмыскерлерді Кәсіпорынның басқа бос жұмыс орындарына орналастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға құқығы бар.

3) штатты (адам санын) қысқарту жөніндегі еңбек шартын Қызметкерлердің мынадай жағдайлармен бұзбауға:

1) 3 жасқа дейінгі балалары бар қызметкер әйелдер;

2) жүкті әйелдер;

3) Кәсіпорындағы жұмыс кезеңінде еңбекте мертіккен, кәсіптік ауруға шалдыққан қызметкерлер;

4) мүгедек балалары бар қызметкерлер 18 жасқа толғанға дейін (ҚР ЕК-нің 52-бабы 1-тармағының 1), 3) -18) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда)

5) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін екі жылдан аз болған адамдар бере алады.

17.3. Тараптар келісті:

1) қызметкерлердің санын немесе штатын қысқарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде жұмыс беруші қызметкердің жазбаша келісімімен ҚР ЕК-де көзделген тәртіппен және шарттарда бір мезгілде өтемақы төлей отырып, жұмыстан босату туралы ескерту мерзімі өткенге дейін онымен еңбек шартын бұзуға құқылы;

2) жұмыстан босатылатын қызметкерлерді жұмысқа орналастыру бойынша өзара консультациялар жүргізу үшін жұмыс беруші Кәсіпорынды алдағы қайта құрылымдауға, қайта ұйымдастыруға, таратуға дейін кемінде екі ай бұрын Кәсіподақты жазбаша хабардар етеді.

18. Қоса атқаратын жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегін реттеу ерекшеліктері

18.1. Жұмыс беруші міндеттенеді:

1) қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шартын жасасуға;

2) өзі еңбек қатынастарында тұрған қызметкермен (негізгі жұмыс орны бойынша);

3) басқа жұмыс беруші еңбек қатынастарында тұрған қызметкермен (негізгі жұмыс орны бойынша). Бұл ретте қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шартында жұмыс қоса

жұмыс болып табылатынын көрсету міндетті, ал мұндай шарттың үлгілік нысанын олақпен келісу қажет;

4) негізгі жұмыс орны бойынша және қоса атқаратын жұмысы бойынша күнделікті жұмыстың жиынтық ұзақтығын ҚР ЕК-нің 68-бабында және осы Ұжымдық шартта белгіленген күнделікті жұмыс ұзақтығының нормасынан аспайтын 4 сағаттан астам уақытқа беруге;

5) қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін қызметкерлерге негізгі жұмысы бойынша демалыспен бір мезгілде жыл сайынғы ақылы еңбек міндеттерін орындарын беруге.

